

**6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университетінің докторанты Байулов Гани
Бекхожаевичтің дайындаған «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық
білімнің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбындағы докторлық
диссертациясына ресми рецензент,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент К.Е.Ибраеваның
ШІКІРІ**

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдардағы Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім берудің барлық сатыларында модернизациялау үрдісі жалғасын табуда. Сонымен бірге, «Ұрпағы білімді халықтың болашағы жарқын болады» дегендей, жас ұрпаққа білім беру - бүгінгі күннің басты талабы. Тұңғыш Президентінің «Қазақстан - 2050» стратегиялық бағдарламасында барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ауқатының артуы және елдің денсаулығын жақсарту міндеттерімен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі атап көрсетілген. Осыған орай, тәуелсіз мемлекетімізде еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар даярлау қажеттігі туады.

Біздің халқымыздың қазіргі қоғамдық өзгерістерге сай даму қарқыны болашақ мамандарды даярлау барысында рухани, ұлттық болмысты қалыптастыруда білім беру моделін жаңаша құруды қажет етуде. Заман талабына сай туындаған қажеттіліктер болашақ ел иелерін ұлттың рухани қазынасымен, өнеге-өнерімен сусындатуды талап етеді. Ойткені, рухани мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын білім алушылардың музыкалық мәдениетінің қалыптастыру мен дамыту жолдарына, әдіс-тәсілдеріне аса мән беру қажет. Осыған орай, Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы мәселесі терең зерттеуді қажет етеді. Сондай-ақ, ізденуші Г.Б.Байуловтың даярлаған диссертациялық жұмысы республиканың білім саясатының негізгі мақсаттарына сәйкес келеді. Ізденуші ғылыми негіздемесін құруда іргелі зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасап, таңдаған тақырыбының көкейтестілігін анықтаған. Ұсынып отырған бұл докторлық диссертацияның тағылымдық негізі тәжірибеде көрініс тапқан.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу барысында ізденуші Байулов Гани төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

бірінші ғылыми нәтиже - Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасу мен даму генезисына ғылыми-әдіснамалық тұрғыда сипаттама берілген;

екінші ғылыми нәтиже - Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің даму ерекшеліктері анықталған;

үшінші ғылыми нәтиже - Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің аксиологиялық негіздері айқындалған;

төртінші ғылыми нәтиже - Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім берудің мазмұны жүйеленген, оны жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне ендіру жолдары эксперименттік байқаудан өткізілген, нәтижесі енгізілген.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасып дамуына ықпал еткен саяси, тарихи-әлеуметтік факторларының мазмұндық сипаты мен өзара байланысы отандық, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың философиялық, тарихи, педагогикалық, психологиялық еңбектеріне талдау жасау арқылы нақтылаумен, оларға берілген негізгі тұжырымдарды жүйелеумен, музыкалық білім беру негізінде болашақ педагогтардың кәсіби құндылықтарын дамытудағы педагогикалық мәселе ретінде қарастырумен дәлелденді.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің әдістемелік жүйесіне (оқу бағдарламалары, оқу құралдары, оқулықтары) талдау жасау арқылы болашақ педагог мамандардың кәсіби даярлауы және музыкалық білім беру деңгейлерінің анықтаумен, сондай-ақ, Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің даму ерекшеліктерін нақтылаумен дәлелденді; Атап айтсақ, ізденуші Г.Байұдов Қазақстандағы музыкалық білімнің әдістемелік жүйесіне берілген сипаттама бойынша музыкалық білім берудің 3 деңгейін анықтап отыр: 1-ші кезеңі - 1991-2000 ж.ж. аралығында, Тәуелсіз Қазақстанның Болон үрдісіне қосылуы және кредиттік жүйеге көшу мақсатында оқу-әдістемелік кешендері жаңа форматты түрде жасалынғаны, кредит жүйеге келтірілгенімен айқылдалады. 2-ші кезеңі - 2000-2010 ж.ж., Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы мектептің, музыкалық және педагогикалық колледждерде, музыкалық жоғары оқу орындарында қолдануға алынғаны және оқу-әдістемелік кешендерде жаңа инновациялық технологияларға көп назар берілгені, қолдану жолдары көрсетілгенімен нақтылап отыр. 3-ші кезеңі - 2010-2020 ж.ж. аралында, болашақ мамандардың кәсіби шығармашылығын қалыптастыру мақсатында оқу-тәрбие үдерісінде білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне назар аударылғаны, соған байланысты оқу-әдістемелік кешендерде қазіргі заманғы психологиялық және педагогикалық зерттеулердегі білім алушылардың құндылықты бағдарларының құрылымы мен мазмұны негізінде жасалынғанын пайымдайды.

Алынған ғылыми тұжырымдар, демек нәтижелер, зерттеудің теориялық мазмұнын толықтырады.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденуші тарапынан Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің аксиологиялық негіздерін айқындаумен, оның оқу-тәрбиелік мүмкіндіктерін талдау арқылы нақтылаумен, музыкалық білімді тарихи-педагогикалық білім ретінде жүйелеумен дәлелденді.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденуші тарапынан болашақ педагог мамандардың кәсіби даярлануында пайдалануға «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің мазмұны» атты арнайы курс бағдарламасы жасаумен, оның тәжірибелік-эксперимент арқылы тексерістен өткізіп, тәжірибеге ендіруімен дәлелденеді.

Бұл педагогика, оның ішінде музыкалық педагогика, ғылымының практикалық мазмұнын толықтырады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

Әрбір ғылыми нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындылары жаңалық дәрежесі немен сипатталады десек

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі, ізденуші отандық, алыс-жақын шетелдік зерттеуші ғалымдардың зерттеулеріне жан-жақты талдау жасап, нәтижесінде зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындаған. Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасып дамуына ықпал еткен саяси, тарихи-әлеуметтік факторларының мазмұндық сипаты мен өзара байланысы теориялық тұрғыда тұжырымдалған.

Екінші нәтиже жаңа. Себебі, Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің даму ерекшеліктері зерттеліп, айқындау үшін әдістемелік жүйесіне (оқу бағдарламалары, оқу құралдары, оқулықтары) талдау жасалған және музыкалық білім беру деңгейлері анықталған.

Үшінші нәтиже жаңа. Өйткені, Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің аксиологиялық негіздері айқындалған, оның оқу-тәрбиелік мүмкіндіктері ашық көрсетілген, музыкалық білімді тарихи-педагогикалық білім ретінде жүйелеген.

Төртінші нәтиже жаңа. Себебі, Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім берудің мазмұны жүйеленген, сондай-ақ, 5В010600 – «Музыкалық білім» мамандығы бойынша білім алушыларға арналып даярланған «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің мазмұны» атты арнайы курс бағдарламасы енгізумен және оның мазмұны тәжірибелік-эксперимент арқылы тексерістен өткізіліп, тиімділігі дәлелденген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Ізденушінің зерттеуіндегі алынған нәтижелер бір-бірімен сабақтас, ішкі бірлігі, логикалық жүйелігі айқын, сондай-ақ зерттеу жұмысының бөлімдері дәйекті түрде бір-бірімен ұштасып, қойылған зерттеудің мақсатымен міндеттерін айқындай түседі. Ізденуші өз зерттеуінің бөлімдерін өзара тығыз байланысты бірыңғай жүйемен құрастырылып жазған. Әр бөлімнің ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте сипатталып нақты тұжырымдармен баяндалған.

Сонымен қатар, эксперимент барысында алынған нәтижелер бастапқы болжамның ұстанымын негізге ала отырып статистикалық көрсеткіштермен тескеріледі. Ізденуші Г.Б.Байуловтың тұжырымдамалары, ұсыныстары педагогика, психология ғылымдарының теориясы мен практикасына қосқан қомақты үлесі деп тұжырымдауға болады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогиканың теориялық мәселелері мен оқыту әдістемесі үшін теориялық және практикалық жағынан маңызды саналады. Жұмыста бірінші рет Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы мәселесі қарастырылып, оның даму ерекшеліктері мен деңгейлері айқындалып, Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім берудің мазмұны жүйеленген. Алынған нәтижелер көкейкесті мәселені шешуге бағдарланған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ғылыми ұсыныстарды ұстаздар қауымы мен педагог-мамандардың біліктілігін арттыруға және педагогика психология мамандығына қатысты жоғары оқу орындарының студенттері үшін пайдалануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына жеткілікті толықтығына растама.

Ізденушінің зерттеу нәтижелері бойынша 18 ғылыми еңбегі жарияланған, соның ішінде 4 - Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 - Web of Science базасына кіретін журналдарында және 5 - шетелде өткен халықаралық конференция материалдары мен журналдарында, 5 - ҚР өткен халықаралық ғылыми конференция материалдарында, 2 - РИНЦ импакт факторлы Ресей журналдарында.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер.

Ізденушінің ғылыми еңбегінің маңыздылығына тоқталып, төмендегідей кемшіліктерді атап өтеміз:

1. Зерттеу жұмысының І-ші тарауында «музыкалық білім», «музыкалық білім беру», «музыкалық педагогика» ұғымдарға салыстырмалы түрде психологиялық-педагогикалық сипаттама берілсе, диссертацияның мазмұны толығырақ ашылар еді.

2. Музыкалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамыту бағдарламасында, сондай-ақ, арнаулы курс бағдарламасында, қолданылған әдістемелердің мазмұны және базалық пәндер мен автордың арнаулы курспен байланысын ықпалын көрсететін бірер сабақтың сценарийін қосымшаға ендірілсе артық болмас еді.

3. Диссертацияның мәтінінде стилистикалық және техникалық қателер орын алған (41,58,75,102, т.б.).

9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Қорғауға ұсынылып отырған Г.Б.Байуловтың PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, ғылым және практика талабына сай келуімен бағаланады. Жоғарыда айтылған тұжырымдар негізінде ұсынылып отырған диссертацияның маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндіктен қорғауға ұсынылады. Ал оның авторы, Байулов Гани Бекхожаевич 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға лайық деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ресми рецензент:

Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық

университетінің «Музыкалық білім және хореография»

кафедрасының меңгерушісі,

п.ғ.к., профессор м.а.



«___» _____ 2019 ж.